

Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияның тәрбие бағыты бойынша 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстары

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті: Тәуелсіздік және Отаншылдық; Бірлік және Ғылым; Әділдік және Жауапкершілік; Заң және Тәртіп; Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік; Жасампаздық және Жаңашылдық; Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылды. Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы: «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы. Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу».

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру болып табылады. Осы орайда Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бағытында кешенді жоспар әзірленіп, мектеп басшысымен бекітілді. 2024-2025 оқу жылында 1 қыркүйек-Білім күніне арналған "Мектебім - мейірім мекені" атты алғашқы қоңырау салтанатты шарасы өткізілді. 1 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге "Полиция және балалар" қауіпсіздіктің негізгі ережелері сабағы ұйымдастырылды. Қауіпсіздіктің негізгі ережелері сабағы бойынша кішкентай бүлдіршіндер жол ережелері бейнеленген суретті бояды. 2-4 сынып оқушыларының Білім күніне арнаған "Мен үшін қымбат -мектебім!" тақырыбындағы ұйымдастырған бейнероликтері. Білім алушылардың қауіпсіздігін бақылау, кешкі беймезгіл уақыттарда үй-жайдан тыс жерде жүрмеуін қадағалау мақсатында ІІБ-нің қызметкерлерімен бірге бірлескен кешкілік рейд жұмыстары жүргізілді. "Отбасы күнін" атап өту жөніндегі мектеп-гимназия бойынша іс шаралар жоспарына сәйкес "Отбасы-шағын мемлекет" тақырыбында 2- сынып оқушылары отбасымен бірге өз отбасын ақ қағаз беттеріне суреттеді. Отбасы күніне орай "Толағай" отбасылық сайысы өткізілді "Отбасы күні" мерекесіне орай Отбасының екі тірегі – әлпештеген әке мен аялаған ана танымдық шара өткізілді. Ұлттық ойынымыз Тоғызқұмалақ күніне орай Тоғызқұмалақ ойынын "Guinness world records" Гиннестің рекордтар кітабына енгізілуін қолдау мақсатында оқушылар арасында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында тоғызқұмалақ ойыны бір мезгілде өткізілді. "Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер" тақырыбындағы сынып сағаттары өткізілді. Қазақ руханиятының жарық жұлдызы Темірбек Жүргеновтың туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған челлендж ұйымдастырылды. 1-қазан - Халықаралық қарттар күні іс-шара жоспарына сәйкес, оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында "Қарттарын құрметтеген ел ардақты" тақырыбында шара өткізілді. Мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу және мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру мақсатында "Дублер күні" өткізілді. Ұстаздар күніне орай 1-4 сынып оқушылары арасында «Ұстазым – ұлағатым үлгі өнегем» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. "Ұстаздар күні" мерекесі аясында 1 - 2 сынып оқушылары арасында "Ұстаз - мектептің жүрегі" атты тақырыпта мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Ұстаздар күні мерекесіне орай, лицей ұстаздарын таңертең есік алдынан қарсы алу рәсімі өтті. Мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу және мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру мектеп-лицейде “Дублер күні” өткізілді. “Жас Ұлан” және Мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 7-8 сыныптар арасында “Қос бұрымың өріліп” бұрымдылар байқауы өткізілді. Мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Дублер” күні аясында “Менің алғашқы ұстазым” портрет салу сайысы өткізілді. “Дублер” күні барсында ұйым мүшелері ұстаздармен алмаса отырып, түрлі іс-шаралар өткізді.

«Мектеп кітапханасы» жобасы Кітапхананың жылдық жоспары жасалынып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Махмуд Қашқаридың туғанына 995 жыл толуына орай шара өткізілді. «Ғажайып әлемге саяхат» тақырыбында жайлы қызықты кітаптар мен балаларға арналған журналдар топтамаларын қызыға тамашалады. «Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның туғанына 840 жыл» толуына орай танымдық сағаты өткізілді. Т.Жүргеновтің туылғанына 125 жыл толуына орай «Темірбек Жүргенов – қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырылды. «Үзілісте кітап оқу» шарасы ұйымдастырылды. «Қазақ ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл» толуына орай танымдық сағаты өткізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 31 тамыздағы № 748 Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар бойынша балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі алгоритм мен нұсқаулықтарымен таныстыру жұмыстары жүргізілді. “Абайлаңыз -балалар!” атты Республикалық акциясы жүргізілді. 9-12 қыркүйек аралығында “Қауіпсіз мектеп” жедел-профилактикалық шарасы аясында полиция бөлімі ЖПҚБ-нің ЮПТ-ның инспекторы қатысуымен жоғарғы сынып білім алушыларына құқықбұзушылық шаралары, лудомания, буллинг және кибербуллинг, синтетикалық есірткіден аулақ болу және қазіргі таңдағы өзекті мәселелер бойынша профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп оқушылары арасындағы құқықбұзушылық және буллингке қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес “Біз буллингке қарсымыз” тақырыбында флешмоб өткізілді. Облыстық полиция департаменті есірткі қылмасына қарсы іс-қимыл басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген “Синтетикалық есірткі заттары” тақырыбындағы семинарға Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияның жоғарғы сынып білім алушылары ZOOM платформасы арқылы онлайн режимінде профилактикалық шараға қатыстырылды. “Буллингті бірге тоқтатайық!” жобасына түсіндірме жұмысы жүргізілді. Халық қаһарманы, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу. “Теріс діни идеологиядан сақтанудың жолдары” тақырыбында маңызды кездесу өтті. Кездесуге арнайы шақырылған дінтанушы, теолог Оспанов Дәлелхан мен Қызылорда облысының “Дін мәселелерін зерттеу” орталығының Қазалы ауданы бойынша бөлімше меңгерушісі Жарылқасын Дәулет қатысты. Буллингке қарсы челлендж” бастау алды. «Буллингке жол жоқ», Флешмоб: «Бірлік пен мейірімділік жолында» , «Полиция және балалар» , “Абайлаңыз балалар!” акциясы жүргізілді.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:

**Н.Қожалепесова
Қ.Сансызбаев**